20796231564

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2023 жылғы 10 қантар №7119-23-00-2/15791 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.Ч.Абенова,
сот отырысының хатшысы А.М. Кашкамбаева болып,
прокурор Т. Тагаева қатысуымен
ашық сот отырысында мобильді байланыс және аудио-бейнетүсірілім құралдарын қолданып, келесі арыз бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК

ЖАУАПКЕР:
«Қасен Айнур» жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талапкердің өкілі Д.М. Туганбаев

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 04 шілдеде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» мен «Қасен Айнур» ЖК арасында № 319 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарты жасалды.

Шарттың жалпы сомасы 800 000 теңге.

Шарттың және шартқа техникалық ерекшеліктің шеңберінде жауапкер тауарды (негізгі тақта бағдарламашысы (лифт үшін) жеткізу мерзімі келісім шартқа қол қойылған күннен соң 16 күнтізбелік күн ішінде, 2023 жылғы 14 тамызға дейін тапсырыс берушіге жеткізуге тиіс болған.

Документ подписан: Абенова А. Ч., 10.01.2024
Дата вступления в законную силу: 06.03.2024, судья Абенова А. Ч., 14.03.2024
7119-23-3-6/1172

Өнім беруші шарт бойынша өз міндеттерді орындаудан бас тартып, осы уақытқы дейін міндеттемелер орындалмаған.

21.06.2023 жылы Тапсырыс беруші веб-порталда шартты біржақты тәртіппен бұзу, өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбы сомасын өндіріп алу туралы талап арызбен сотқа жүгіну ниеті туралы хабардар етті.

Жауапкер сотқа қарсылық пікір ұсынды. Сотқа Сатып алынатын тауарлардың шетелден шыққанын, сондай-ақ тауарларды кедендік декларациялаудың күрделілігін ескере отырып, шартты ресімдеу мерзімі 2023 жылғы 9 қыркүйекке дейін ұзартылды. Бұл факт 2023 жылғы 29 тамыздағы электрондық мемлекеттік сатып алу порталына жүктелген құжатпен расталады. Шарт талаптарына сәйкес Жеткізуші өз міндеттемелерін орындайды. Алайда, «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Астана қаласы, Есіл ауданы, Керей Жәнібек Хандар көшесі, 10 (1) адресі бойынша Нағысқан Дастан есімді қызметкері (телефон нөмірі + 7 701 121 41 81) Өнім берушіге өз міндеттемелерін толық көлемде орындауға кедергі келтірген. Яғни, дүйсенбі күні телефон арқылы сөйлесу барысында Нағысқан Дастан маман қызым ауырып жұмыстан кетіп қалдым, ертесі сейсенбі күні –2023 жылғы 05 қыркүйекте жеткізуді өтініш қылды. Жеткізуші тауарды келісілген мерзімде жеткізген. Алайда, келісім шарттың біржақты бұзылуына байланысты тауарды қабылдаудан бас тартылған.

Талап қоюшы талап қоюды қолдап, көрсетілген негіздер бойынша қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер талап қоюмен келіспей, талап арызды қанағаттандырусыз қалтыруда сұрады.

Прокурордың қортындысын, талапкердің пікірін тындап сот келесіге келді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ</u>:

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасында мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдану туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі №4 Нормативтік қаулысының 8-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне

Документ подписан: Абенова А. Ч., 10.01.2024
Дата вступления в законную силу: 06.03.2024, судья Абенова А. Ч., 14.03.2024
7119-23-3-6/1172

сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізгі ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы). Сонымен қатар мемлекеттік сатып алу туралы шарт талаптарының жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде жасаған қосымша келісімдері де соттардың бағалауына жатады.

АІЖК 6-бабының 5-тармағына сәйкес, егер заңда немесе дауласушы тараптардың келісімінде тиісті мәселелерді соттың шешуі көзделсе, сот бұл мәселелерді әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып шешуге міндетті.

ЖК мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануға негіз шарт талаптарын орындамау болып табылады.

Сот отырысында жауапкер шарт бойынша міндеттемесін орындамағаны, тауар жеткізілмегені анықталды.

Жауапкер шарттың бұзылуын дауламаған.

Жауапкердің тауарды жеткізгендігі туралы уәждері сотпен қабылданбайды, себебі дәлелдер сотқа ұсынылмаған.

WhatsApp желісі арқылы хат алмасу міндеттемені уақытылы орындаудың дәлелі болып табылмайды, себебі хат алмасудан тауар техникалық ерекшелігіне сәйкес жеткізілгендігі дәлелденбейді.

Аталған мән-жайлар бойынша сот жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюшының талап қоюы негізді және қанағаттандырылуға жатады деп санайды.

Талап қоюды қанағаттандыра отырып, сот шарттың бұзылуы қыркүйек айынан бері жауапкермен дауланбағанын, яғни бұл жауапкердің шарт бұзылуымен келісімін және жауапкердің әрекетсіздігін көрсететіндігін негізге алады.

Тауарды жеткізу бойынша міндеттемелер орандалмағандықтан, сот талапкердің талаптарын негізді және қанағаттандырылатын деп санайды.

Сот, ұсынылған құжаттармен расталған тауар жеткізілмегенін бойынша мемлекетік сатып алудың жосықшы қатысушысы деп тан туралы талабын негізделген деп санайды.

Мемлекеттік баж АПК-нің 117- бабына сәйкес өндіріліп алынуға тиіс.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ</u>:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК жауапкер «Қасен

Документ подписан: Абенова А. Ч., 10.01.2024
Дата вступления в законную силу: 06.03.2024, судья Абенова А. Ч., 14.03.2024
7119-23-3-6/1172

Айнур» жеке кәсіпкеге мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«Қасен Айнур» жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Қасен Айнур» ЖК-нен мемлекет пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж жергілікті бюджет пайдасына өндірілсін.

Шешімге іске қатысқан тұлғалар апелляциялық шағымды, прокурор апелляциялық өтінішхатты АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар оларға шешімнің көшірмесі жіберілген күннен бастап сол мерзімде беруі мүмкін.

Судья А.Абенова

Документ подписан: Абенова А. Ч., 10.01.2024

Дата вступления в законную силу: 06.03.2024, судья Абенова А. Ч., 14.03.2024

АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ «ТӨРЕ» ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Сот өндірісі
Судопроизводство

7119-23-3-6/1172